ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 16 тамыз № 4712-23-00-2/2156 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мелекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Тасқара» атынан әрекет етуші Тасқара Қадырбек Ақылбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» республикалық мелекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Тасқара» атынан әрекет етуші Тасқара Қадырбек Ақылбекұлына келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Тасқара» атынан әрекет етуші Тасқара Қадырбек Ақылбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Тасқара» атынан әрекет етуші Тасқара Қадырбек Ақылбекұлынан мемлекет пайдасына 37 680 (отыз жеті мың алты жүз сексен)

теңге тұрақсыздық айыбын және 2 855 (екі мың сегіз жүз елу бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Тасқара» атынан әрекет етуші Тасқара Қадырбек Ақылбекұлына 2023 жылғы 2 маусымдағы №86 шарт бойынша міндеттемелерді орындау міндеттелсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **М.М.Джумаева**

Көшірмесі дұрыс:

Төраға **А.Т.Бекболатов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 25.09.2023 жылы енді.

Төраға **А.Т.Бекболатов**